

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША
ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ**

АУДИТОРЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫ

«Облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасында 2022 жылдың бюджетін жоспарлау және атқару кезінде бюджет заңнамасының сақталуына және Түркістан облысының 2021-2025 жылдарға арналған Даму жоспарының іске асырылуына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша жүргізілген аудиттің нәтижелеріне

ТҮРКІСТАН ҚАЛАСЫ

2023ж

МАЗМҰНЫ

I. Кіріспе бөлік

- 1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы
- 1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты
- 1.3. Мемлекеттік аудиттің объектілері
- 1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең

II. Негізгі (талдамалық) бөлік

- 2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау
- 2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері
- 2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе)

III. Қорытынды бөлік

- 3.1. Мемлекеттік аудит барысында қабылданған шаралар
- 3.2. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша тұжырымдар
- 3.3. Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар
- 3.4. Қосымша:
Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі.

I. Кіріспе

1.1. Аудиторлық іс-шараның атауы: «Облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасында 2022 жылдың бюджетін жоспарлау және атқару кезінде бюджет заңнамасының сақталуына және Түркістан облысының 2021-2025 жылдарға арналған Даму жоспарының іске асырылуына мемлекеттік аудит жүргізу» сыртқы мемлекеттік аудиті

1.2. Мемлекеттік аудиттің мақсаты:

- 1) Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің қағидаттарына сәйкес жергілікті бюджетті жоспарлау және атқару тиімділігі;
- 2) Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің тиімділігі.

1.3. Мемлекеттік аудит объектілері:

Түркістан облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы мемлекеттік мекемесі.

1.4. Мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 2022 жылдың 01 қаңтарынан 2022 жылдың 31 желтоқсан аралығы.

II. Негізгі (талдамалық) бөлік:

2.1. Аудиттелетін саланың жай-күйін қысқаша талдау:

Түркістан облысы бойынша тексеру комиссиясының мемлекеттік аудит объектілерінің 2023 жылға арналған тізбесіне сәйкес, «Облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасында 2022 жылдың бюджетін жоспарлау және атқару кезінде бюджет заңнамасының сақталуына және Түркістан облысының 2021-2025 жылдарға арналған Даму жоспарының іске асырылуына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы 07.04.2023-28.04.2023 жыл аралығында жүргізілді.

Аудиторлық іс-шарамен жалпы 1 аудит объектісі қамтылды, үстеме тексеру жүргізілмеді.

Мемлекеттік аудиттің мәніне сәйкес, Облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасында 2022 жылдың бюджетін жоспарлау және атқару кезінде бюджет заңнамасының сақталуына және Түркістан облысының 2021-2025 жылдарға арналған Даму жоспарының іске асырылуына тиімділік аудиті жүргізілді.

1. Облыстың негізгі әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің 2022 жылы орындалуы.

Түркістан облысының аумағы 117,3 мың шаршы км немесе республика аумағының 4,3%-ын құрайды және Қазақстанның оңтүстігінде Тұран ойпатының шығыс бөлігі мен Тянь-Шаньның батыс сілемдері шегінде Қызылорда облысының батысында, Қарағанды облысының солтүстігінде, Жамбыл облысының шығысында және Өзбекстан Республикасының оңтүстігінде орналасқан.

Облыста 3 облыстық маңызы бар қала, 14 аудан (оның ішінде 4 аудандық маңызы бар қала), 174 ауылдық округ, 824 ауылдық елді мекен бар.

2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша облыс халқы 2075,1 мың адамды құрайды, халықтың орташа тығыздығы аумақтың 1 шаршы км-не 17,58 адамды құрайды.

Әкімшілік орталығы 191,3 мың адам тұратын Қазақстанның ежелгі қалаларының бірі – Түркістан қаласы болып табылады.

Тарихи туризмнің алтын бесігі болған Түркістан қаласы ежелден рухани астана болып саналған отандық және шетелдік туристер арасында өте танымал, жылына миллионнан астам туристерді қабылдай алады.

Аймақ пайдалы қазбаларға бай: барит, көмір, темір және полиметалл кендері, бентонит саздары, вермикулит, тальк, әктас, гранит, мәрмәр, гипс, кварц құмдары бар. Уран қоры бойынша облыс бірінші орында, фосфориттер мен темір кендері бойынша республика бойынша үшінші орында.

2022 жылғы қаңтар-қыркүйекте ҚР бойынша ЖӨӨ-нің құрылымындағы Түркістан облысының үлесі 3,4% және облыстағы халықтың жан басына шаққандағы ЖӨӨ ҚР бойынша қатынасы 31,9% үлесті құрады.

2022 жылғы қаңтар-қыркүйекте жалпы өңірлік өнім (*Бұдан әрі-ЖӨӨ*) көлемі 2 236,8 млрд. теңгені құрады және НКИ – 102,5%. ЖӨӨ құрылымында тауар өндіру үлесі 39,4%, қызмет көрсету – 52,7% құрады. ЖӨӨ-нің өндірісінде ауыл, орман және балық шаруашылығы – 18,3%, білім беру – 16,4%, өнеркәсіптің үлесі 14,1% алып отыр.

Түркістан облысы бойынша 2022 жылғы қаңтар-желтоқсанда ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымы 1036599,3 млн. теңгені құраған.

2022 жылғы қаңтар-желтоқсанда өнеркәсіп өндірісінің көлемі қолданыстағы бағаларда 866590,2 млн. теңгені құрады, бұл 2021 жылдың деңгейінен 6,3%-ға кеміді. Тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазуда өндіріс көлемі 6,2%-ға, өңдеу өнеркәсібінде – 5,9%-ға, электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және ауаны кондициялаумен жабдықтауда – 10,9%-ға төмендеді, сумен жабдықтау, қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою бойынша қызметте өндіріс көлемі 2,8%-ға артты.

2022 жылғы қаңтар-желтоқсанда «Көлік және қоймалау» саласы бойынша нақты көлем индексі 105%-ды құрады.

2022 жылғы қаңтар-желтоқсанда жүк айналымының көлемі 25971,2 млн. ткм (коммерциялық жүк тасымалдаумен айналысатын дара кәсіпкерлердің жүк айналымы көлемін бағалауды есепке алғанда) құрады, 2021 жылғы қаңтар-желтоқсан деңгейіне 102,8% құрады. Жолаушылар айналымының көлемі 1659,7 млн. жкм құрады, 2021 жылғы қаңтар-желтоқсан деңгейіне 118,3% құрады.

Облыста 864,1 мың шаршы метр тұрғын үй іске қосылды, бұл 2021 жылмен салыстырғанда 104,6% құрады.

2023 жылғы 1 қаңтарға Түркістан облысының жұмыс істеп тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің саны 184579 бірлікті немесе 2022 жылдың тиісті кезеңіне 127,5% құрады.

2022 жылдың қорытындысымен Түркістан облысының ауыл, орман және балық шаруашылығы өнімдерінің (қызметтерінің) жалпы шығарылымы 1 036,5

млрд. теңгені құрап, өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 100,7 пайызға орындалған.

Мал шаруашылығының жалпы өнімі – 396,9 млрд. теңге, өсімдік шаруашылығының жалпы өнімі – 632,8 млрд.теңге, ауыл шаруашылығы салаларындағы қызметтер – 1,2 млрд.теңге.

Сонымен қатар, облыс бойынша 2022 жылы ірі қара мал- 1 035,2 мың бас, уақ мал -4 530 мың бас, жылқы- 385,3 мың бас, түйе- 36,8 мың бас, шошқа- 2,3 мың бас, құс- 1 885,7 мың басты құрады.

Бұл ретте, 2021 жылмен салыстырғанда ауылшаруашылығы малдары мен құстарының негізгі түрлерінің саны кемігенін байқаймыз.

Мәселен, ірі қара мал 94,4 мың басқа (2021 жылы 1 129,6 мың бас), уақ мал 247 мың басқа (2021 жылы 4777 мың бас), жылқы 4,6 мың басқа (2021 жылы 4,6 мың бас) шошқа 1,9 мың басқа (2021 жылы 4,2 мың бас), құстар 411,4 мың басқа кеміген.

Түркістан облысы халқының басым бөлігінің тұрмыс-тіршілігі, әлеуметтік –экономикалық тұрғыда дамуы, тұрғындардың әл-ауқатының деңгейі ауыл шаруашылығы саласымен тығыз байланысты екенін ескерсек, жоғарыда көрсетілген ауылшаруашылығының даму көрсеткіші халықтың тұрмыс деңгейінің нашарлауына септігін тигізуі мүмкін.

Бұл ретте, ауылшаруашылығы тауарларының тапшылығы өз кезегінде тұтыну тауарларымен азық-түлік бағасының қымбаттауына әсер ететіні сөзсіз.

2022 жылғы III тоқсанда Халықаралық Еңбек Ұйымдарының (ХЕҰ) әдіснамасы бойынша Түркістан облысы бойынша анықталған жұмыссыздар саны 43,4 мың адамды, жұмыссыздық деңгейі – 5,3% құрады. Экономикалық тұрғыдан белсенді халық саны 819,7 мың адамды, жұмыспен қамтылғандардың жалпы санынан 416,8 мың адамды немесе 53,7% құраған.

Сонымен қатар жұмыссыздар ретінде жұмыспен қамту органдарында 2022 жылғы желтоқсанның соңында 15,1 мың адам ресми тіркелген.

Статистикалық ақпараттарға сүйенсек 2022 жылы облыс бойынша (5 929) бірлік қылмыс тіркелген немесе 2021 жылмен салыстырғанда 87 бірлікке артқан (2021 жылғы жалпы тіркелген қылмыстар саны 5 842 бірлік).

Адамдарға қарсы қылмыстар- 451(қасақана кісі өлтіру- 37), меншікке қарсы қылмыстар- 3598 (ұрлық-1417), қоғамдық қауіпсіздікке және қоғамдық тәртіпке қарсы қылмыстар-392 (бұзақылық-183), халықтың денсаулығымен адамгершілігіне қарсы қылмыстар - 405 (есірткіге байланысты қылмыстар-373), экономика саласындағы қылмыстар-33, көліктік қылмыстар- 413, басқа да қылмыстар -637 бірлікті құраған.

2. Жергілікті бюджетке түсетін түсімдердің жоспарлануын талдау

2022 жылғы бюджеттің атқарылуы барысында бюджеттің жалпы түсімдер бөлігі 18 рет нақтылану мен түзетулер енгізілген, оның ішінде 5-рет нақтыланған (облыстық мәслихаттың 29.03.2022 жылғы №14/166-VII, 6.05.2022 жылғы №15/172-VII, 14.09.2022 жылғы №17/204-VII, 18.11.2022 жылғы №18/224-VII және 13.12.2022 жылғы №19/231-VII шешімдерімен нақтыланған) оның ішінде өзіндік кірістер 3 рет нақтыланған.

Облыстық бюджеттің түсімдерін нақтылау мен түзету барысында:

- салықтық түсімдердің - 22 485 224,0 мың теңгеге ұлғаюы,
- салықтық емес түсімдердің - 10 678 334,0 мың теңгеге ұлғаюы,
- негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдердің - 44 677,0 мың теңгеге ұлғаюы;
- трансферттер түсімі- 163 088 936,0 мың теңгеге ұлғаюы;
- бюджеттік кредиттерді өтеудің- 102 548,0 мың теңгеге ұлғаюы;
- қарыздардың түсімі- 6 479 482,0 мың теңгеге ұлғаюы есебінен жасалған.

Нәтижесінде облыстық бюджет түсімдерінің бастапқыда бекітілген көлемі 1 030 188 797,0 мың теңгеден 1 226 485 968,0 мың теңгеге дейін немесе 196 297 171,0 мың теңгеге (19,1%-ға) ұлғайтылса, ал облыстық бюджеттің өзіндік кірістері 34 962 484,0 мың теңгеден 68 170 719,0 мың теңгеге дейін немесе 33 208 235,0 (95%) ұлғайтылған.

Жергілікті бюджетке түсетін түсімдер бойынша бересі және артық төлемдер бойынша талдау

Облыстық бюджет пен аудан, қала бюджеттері арасындағы реттелетін салықтар бойынша бересі жылдың басымен салыстырғанда **703 560,9** мың теңгеге кеміп, **237 362,0** мың теңгені құраған, оның ішінде:

- төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы бойынша 151 164,0 мың теңге;
- әлеуметтік салық бойынша 86 198,0 мың теңге.

Облыстық бюджетке түсетін салықтар бойынша 2023 жылдың 1 қаңтары жағдайына салықтық түсімдердің екі түрінен барлығы 40 091,6,0 мың теңге бересі сомасы қалыптасқан, оның ішінде:

- жер бетіне жақын көздердегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем бойынша 2 163,5 мың теңге;
- қоршаған ортаны эмиссия үшін төленетін төлемақы бойынша 37 928,1 мың теңге бересіні құраған.

Облыстық бюджеттің кіріс бөлігінде бюджетке түсетін өзіндік кірістерді талдау

2022 жылы өзіндік кірістер 68 170 719,0 мың теңгені құрап, 2021 жылмен салыстырғанда 22 019 738,0 мың теңгеге немесе 147,7%-ға ұлғайған.

Оның ішінде салықтық түсімдердің жалпы көлемі 18 282 265,0 мың теңгеге немесе 151,4%-ға, салықтық емес түсімдер 3 903 148,0 мың теңгеге немесе 137,7%-ға өссе, негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер 165 675,0 мың теңгеге кеміген немесе 23,2%-ды құраған.

2022 жылы облыстық бюджетте өзіндік кірістердің жалпы көлеміндегі түсімдердің негізгі үлесін салықтық түсімдер – 79,03% (2021 жылы 77,1%), салықтық емес түсімдер – 20,9% (2021 жылы 22,4%) және негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0,07% (2021 жылы 0,5 %) құрады.

Түркістан облысының қаржы және мемлекеттік активтер басқармасы төмендегі салықтық емес түсімдерге бақылауды жүзеге асыратын жауапты уәкілетті орган болып табылады. Атап айтқанда:

- БСК 201102 Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісінің бір бөлігінің түсімдері бойынша жоспар 95 825 мың теңге, нақты түскені 100 228,4 мың теңге;

- БСК 201302 Коммуналдық меншіктегі акциялардың мемлекеттік пакетіне берілетін дивидендтері бойынша жоспар 331 170 мың теңге, нақты түскені 331 171,8 мың теңге;

- БСК 201504 Облыстың коммуналдық меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістері бойынша жоспар 125 000,0 мың теңге, нақты түскені 154 814,5 мың теңге;

- БСК 301102 Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелерге бекітілген мүлікті сатудан түсетін түсімдері бойынша жоспар 95 744,0 мың теңге, нақты түскені 111 529,1 мың теңге.

Түркістан облысы бойынша полиция департаменті 204106 жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың ішкі істер департаменттері, олардың аумақтық бөлімшелері салатын әкімшілік айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар түсімі бойынша бақылауды жүзеге асыратын жауапты уәкілетті орган болып табылады. Түсім бойынша жоспар 8 500 000,0 мың теңге, нақты түскені 6 953 110,8 мың теңге.

Түркістан облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы БСК 206114 өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен оның инфрақұрылымын дамытуға жер қойнауын пайдаланушылардың аударымдары бақылауды жүзеге асыратын жауапты уәкілетті орган болып табылады. Түсім бойынша жоспар 1 963 594,0 мың теңге, нақты түскені 2 931 729,0 мың теңге.

3.Облыстық бюджеттің шығыс бөлігінің жоспарлануын (өзгерістер енгізу) бағалау.

2022 жылға арналған облыстық бюджет 2021 жылдың 10 желтоқсанында облыстық мәслихаттың №13/122-VII шешімімен бекітіліп, жыл барысында облыстық бюджет 5-рет нақтыланған (*облыстық мәслихаттың 29.03.2022 жылғы №14/166-VII, 06.05.2022 жылғы №15/172-VII, 14.09.2022 жылғы №17/204-VII, 18.11.2022 жылғы №18/224-VII, 13.12.2022 жылғы №19/231-VII шешімдерімен нақтыланған*) және 17-рет түзетулер енгізілген.

Бюджеттік бағдарлама әкімшілері бойынша бюджеттік қаржылар жыл бойы бірнеше рет ұлғайтылған немесе қысқартылған. Соның ішінде жиі қысқартуға жол берген бюджеттік бағдарлама әкімшілері төменде көрсетілген:

Қоғамдық денсаулық басқармасы бойынша 10 рет нақтылау мен түзету барысында жекелеген бюджеттік бағдарламалар бойынша барлығы 2 219 160,0 мың теңгеге жоспар қысқартылған. Атап айтқанда:

754 005 045 «Кадрлардың біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау» бюджеттік бағдарламасы бойынша мемлекеттік сатып алу процедурасы бойынша конкурстар нәтижесі танылмауы салдарынан 40 000,0 мың теңгенің жыл соңында игерілмей қалу қауіпін алдын алу мақсатында қыркүйек айында мәслихат шешімімен қысқартылған.

Сонымен қатар аталған бюджеттік бағдарлама бойынша қараша айында 8 900,0 мың теңге қысқартылған (*біліктілігін арттыратын медицина қызметкерлерінің санының азаюына байланысты*)

754 007 «Салауатты өмір салтын насихаттау» бюджеттік бағдарламасы бойынша 2 079,0 мың теңге мемлекеттік сатып алудан үнемделуіне байланысты қысқартылған.

754 008 «ҚР ЖИТС профилактикасы және оған қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды іске асыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша 426,0 мың теңге МСА –дан үнемделуіне байланысты қысқартылған.

Ауыл шаруашылығы басқармасы бойынша 8 рет өзгеріс жасалынған, оның ішінде 4 рет нақтылау және 4 рет түзету барысында 11 560 335,0 мың теңгеге келесі бюджеттік бағдарламалар бойынша жоспар қысқартылған:

255 006 «Басым дақылдардың өндірісін дамытуды субсидиялау» бюджеттік бағдарламасы бойынша 432 075,0 мың теңге жоспарланып, АШТӨ-ден өтінім түспеуіне байланысты 377 786,0 мың теңге қысқартылған.

255 008 «Саны зиян тигізудің экономикалық шегінен жоғары зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерге, карантинді объектілерге қарсы өңдеулер жүргізуге арналған пестицидтердің, биоагенттердің (энтомофагтардың) құнын субсидиялау» бюджеттік бағдарламасы бойынша жыл басында 521 410,0 мың теңге жоспарланып, ауылшаруашылығы субъектілерінен өтінімдер түспеуіне байланысты 2022 жылы қараша айында (*Республикалық бюджет есебінен*) 126 410,0 мың теңге қысқартылған.

255 012 «Ауру жануарларды санитариялық союды ұйымдастыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша жыл басында 18 759,0 мың теңге жоспарланып, ауылшаруашылығы жануарларының сарып ауруына «Оң» нәтиже көрсеткішінің төмендеуіне байланысты қараша айында 10 530,0 мың теңге қысқартылған (*2022 жылы наурыз-қараша айлары аралығында 820 547 бас ірі қарадан және 3 293 499 бас уақ малдан қан сынамалары алынып, ветеринариялық зертханада тексеріліп, «Оң» нәтиже берген 234 бас ІҚМ және 503 бас уақ малдарды арнайы мал сою орындарына тасымалданған. 2022 жылғы жоспар 1680 бас, оның ішінде 614 бас ІҚМ, 1066 бас уақ малды тасымалдау жоспарланған*).

Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы бойынша 7 рет нақтылау және түзету барысында 8 530 903,0 мың теңгеге келесі бюджеттік бағдарламалар бойынша жоспар қысқартылған:

256 002 «Жалпы үлгідегі медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында қарттар мен мүгедектерге арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету» бюджеттік бағдарламасы бойынша мамыр айында қызметкерлердің жалақысынан бөлінген қаржының қаржыландыру көзі ҚР Ұлттық қорынан берілетін кепілдендірілген трансферт есебінен ауысуына байланысты 82 965,0 мың теңге қысқартылған.

256 012 «Тірек-қозғалу аппаратының қызметі бұзылған балаларға арналған мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда), арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталықтарында, әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында мүгедек балалар үшін арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету» бюджеттік бағдарламасы бойынша «№4 Тасарық арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталығы» қызметкерлерінің жалақысын көтеруге бөлінген

қаржының қаржыландыру көзі ҚР Ұлттық қорынан берілетін кепілдендірілген трансферт есебінен ауысуына байланысты мамыр айында 61 945,0 мың теңге қысқартылған.

Адами әлеуетті дамыту басқармасы бойынша 8 рет нақтылау және түзету барысында 1 607 407,0 мың теңгеге келесі бюджеттік бағдарламалар бойынша жоспар қысқартылған:

753 005 «Облыстық мемлекеттік білім беру мекемелер үшін оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді сатып алу және жеткізу» бюджеттік бағдарламасы бойынша 2022 жылға 5 048 738,0 мың теңге жоспарланып, мемлекеттік сатып алу процедуралары жарияланып, нәтижесінде Түркістан облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті тарапынан камералық бақылау жүргізу хабарламасына сәйкес келісім шарт бұзылуына орай және мемлекеттік сатып алудың ашық конкурс тәсілінің мерзімі ұзақтығына байланысты, сонымен қатар бюджет қаражатының жыл соңына дейін игерілмеу қаупі туындауына байланысты қараша айында мәслихат шешімімен 389 169,0 мың теңге қысқартылған.

Бұл ретте, жоғарыда баяндалғандай бюджеттік бағдарлама әкімшісі тарапынан мемлекеттік сатып алу процедураларын ұйымдастыру барысында Заңның 4-ші және 41 – баптарының талаптары сақталмай жариялануына байланысты (*Заңның 39 бабының 3-тармағының 3-тармақшасын негізге алып жарияланған*) мемлекеттік сатып алу процедуралары тоқтатылған.

Яғни аталған бұзушылықтар өз кезегінде бюджет қаражатын қысқартуға жол берген.

Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы бойынша бюджетке 8 рет өзгеріс жасалынған, оның ішінде 4 рет нақтылау, 4 рет түзету барысында барлығы 2 690 045,0 мың теңгеге жоспар бюджеттік бағдарламалар бойынша қысқартылған.

268 003 «Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасы бойынша мамыр айында 3 820 315,0 мың теңге (*республикалық бюджет есебінен*), 464 441,0 мың теңге қысқартылған.

268 003 «Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасы бойынша Түлкібас ауданындағы облыстық маңызы бар КХ-63 «Бадам-Шұбар-Аққойлы-Қызыләскер-Қарабұлақ-Түлкібас» 67-83 шқ. Автомобиль жолын орташа жөндеу жұмыстарынан 100 000,0 мың теңге қыркүйек айында қысқартылған.

Аталған бюджеттік бағдарлама бойынша қараша айында 1 074 417,0 мың теңге қысқартылған.

Сонымен қатар қараша айында облыстық бюджетті түзету барысында 268 003 «Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету» бюджеттік бағдарламасы бойынша қараша айында 59 938 мың теңге қысқартылған. (*Кентау қаласы, облыстық маңызы бар КХ-95 «Р-Д-М-32-Ынталы» автомобиль жолының 0-20 шқ. Орташа жөндеуден- 13 930,0 мың теңге, Арыс қаласында облыстық маңызы бар КХ-92 «Арыс-Монтайтас» автомобиль жолының 0-31 шқ. Орташа жөндеуден 46 008,0 мың теңге қысқартылған*).

Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы 10 рет өзгеріс жасалынған, оның ішінде 4 рет нақтылау, 6 рет түзету барысында барлығы 1 352 255,0 мың теңгеге жоспар бюджеттік бағдарламалар бойынша қысқартылған.

279 054 «Жеке тұрғын үй қорынан алынған тұрғынжай үшін азамматардың жекелеген санаттарына төлемдер» бюджетті бағдарламасы бойынша өтінімнің түспеуіне байланысты 300 000,0 мың теңге тамыз айында қысқартылған.

Сонымен қатар, 279 054 «Жеке тұрғын үй қорынан алынған тұрғынжай үшін азамматардың жекелеген санаттарына төлемдер» бюджетті бағдарламасы бойынша өтінімдердің түспеуіне байланысты қазан айында 100 000,0 мың теңге, желтоқсан айында 65 000,0 мың теңге қысқартылған.

279 081 «Елді мекендерді шаруашылық-ауыз сумен жабдықтау үшін жерасты суларына іздестіру-барлау жұмыстарын ұйымдастыру және жүргізу» бюджеттік бағдарламасы бойынша 2022 жылға 1 304 268,0 мың теңге жоспарланып, қыркүйек айында жұмыс көлемінің болмауына байланысты мәслихат шешімімен 600 000,0 мың теңге және қараша айында 182 530,0 мың теңге қысқартылған.

4. Бағдарламалық құжаттардың іске асырылуын бағалау.

Есепті кезеңде даму жоспарында 128 нысаналы индикатор жоспарланып, 2022 жылдың қорытындысы бойынша 74 (61,2%) нысаналы индикаторға қол жеткізілген (4 ішінара орындалған) 20 индикатор бойынша статистикалық есептілік мерзімі келмеген, 27 индикаторға қол жеткізілмеген, 7 индикатор бойынша 2022 жылға жоспарланбаған яғни келесі жылға өтпелі.

Түркістан облысының әлеуметтік – экономикалық көрсеткіштерін нығайту және жыл сайынғы жоспарланған межелерге қол жеткізу мақсатында, жергілікті салықтардың өндірілмеген берешектерін өндіру бойынша жұмыстар тұрақты түрде атқарылуда. Жергілікті өзін – өзі басқару шотына түсетін кірістер жоспарға сай орындалуда және шығыстар бойынша қаржылар заңға сәйкес игерілген.

5. Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің қағидаттарына сәйкес жергілікті бюджетті жоспарлаудың және атқарудың заңамаға сәйкестігі.

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 32 бабына сәйкес, бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен бюджеттік бағдарламалар жылжымалы негізде жыл сайын жоспарлы кезеңге әзірленген және ол тікелей және түпкілікті нәтижелер көрсеткіштерін, жоспарлы кезеңге жоспарланатын бюджет қаражатының көлемін қамтыған.

Мекеменің 2022-2024 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламаларын әзірлеу және бекіту кезінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы №195 бұйрығымен бекітілген

«Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидаларын және олардың мазмұнына қойылатын талаптарының» (бұдан әрі - Қағида) 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалып, тиісті ақпараттармен қамтылған, яғни қағиданың 13-тармағына сәйкестендіріліп жасалған.

Қағиданың 19 тармағына сәйкес, бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламалар жобалары тиісті жергілікті бюджет бекітілгеннен кейін пысықталып және ағымдағы қаржы жылының 30 желтоқсанына дейін жергілікті бюджеттік бағдарламалардың тиісті әкімшісі басшысының бұйрығымен бекітілген.

Сонымен бірге аталған бұйрықтың 24-тармағына сәйкес 2022 жылғы бюджеттік бағдарламаларды мемлекеттік жоспарлау жөніндегі жергілікті уәкілетті органмен келісу бойынша оларды қаржыландыру көлемдері және нақтылау кезінде нәтижелер көрсеткіштері өзгерген немесе жергілікті атқарушы органдардың жергілікті бюджетті түзету туралы қаулылары қабылданған жағдайда, мәслихаттың жергілікті бюджет туралы шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы мәслихат шешімі бекітілген күннен кейін он жұмыс күні ішінде қайта бекітіп отырған.

Бюджеттік бағдарламаларда жоспарлы кезең, бюджеттік бағдарлама әкімшісінің коды мен атауы, бюджеттік бағдарламаның коды мен атауы, бюджеттік бағдарламаның басшысы, бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі, бюджеттік бағдарламаның сипаттамасы (негіздемесі), бюджеттік бағдарламаның түрі, бюджеттік бағдарламаның мақсаты, бюджеттік бағдарламаның міндеттері, бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар және жоспарлы кезеңдегі іске асырылу мерзімі, тікелей нәтиже көрсеткіштері, бюджет қаражатының көлемі туралы ақпараттар қамтылған.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісімен қаржы жылының қорытындылары бойынша бюджеттік бағдарламалардың (кіші бағдарламалардың) іске асырылуы туралы есеп 21-қосымшасына сәйкес 4-ББИА нысаны бойынша жасалған.

Түркістан облысының әлеуметтік – экономикалық көрсеткіштерін нығайту және жыл сайынғы жоспарланған межелерге қол жеткізу мақсатында, жергілікті салықтардың өндірілмеген берешектерін өндіру бойынша жұмыстар тұрақты түрде атқарылуда. Жергілікті өзін – өзі басқару шотына түсетін кірістер жоспарға сай орындалуда және шығыстар бойынша қаржылар заңға сәйкес игерілуде.

2.2. Мемлекеттік аудиттің негізгі нәтижелері

Жалпы аудитпен 408 724,0 мың теңге (*республикалық бюджет қаражаты 963,0 мың теңге, ЖБ қаражаты есебінен 406 317,0 мың теңге, ҚР Ұлттық қорынан берілетін кепілдендірілген трансферт есебінен 1 444,0 мың теңге*) қамтылды, оның ішінде 2022 жыл кезеңі бойынша 408 724,0 мың теңге қамтылды.

Мемлекеттік аудит нәтижесінде аудит объектісінде қаржылық бұзушылықтар анықталмаған.

Рәсімдерді орындау тәртібінің бұзылуы бойынша бұзушылық фактілері орын алмаған.

2.3. Мемлекеттік аудит объектілері қызметінің әлеуметтік-экономикалық дамуға әсерін бағалау (өңірлік және (немесе) елдік бөліністе)

Мемлекеттік аудит барысында Түркістан облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының жәй-күйі егжей-тегжей талданып, бағаланды.

Атап айтқанда:

Түркістан облысының инфрақұрылымдық жүйелеріне талдау жасау барысында орталықтандырылған газ, ауыз су және кәріз жүйелеріне қол жетімділікті қамтамасыз ету жұмыстарын жандандыру қажет екенін байқаймыз. 2022 жылы өңірімізде 2 025 296 адам орталықтандырылған ауыз суға қол жетімді болса, 93 767 адамға қол жетімсіз.

Кәріз жүйесі бойынша 312 973 адам қол жетімді болса, қол жетімсіз халық саны 1 806 090 адам болып қалыптасып нашар көрсеткішке ие болды. Сонымен қатар 2022 жылы өңірімізде 1 557 919 адамға орталықтандырылған газбен жабдықтауға қолжетімді болып 70,9 % құраса, 561 144 адамға қол жетімсіз болып қалыптасқан.

2022 жылы облыс аумағында халық саны 2 119 063 адамды құрап, оның ішінде 2 025 296 адам орталықтандырылған ауыз сумен жабдықтауға қол жетімді немесе жалпы халықтың 95,6 %-ын құраса, 93 767 халық саны қол жетімсіз болды. Бұл ретте Келес, Сарыағаш аудандарында 77 502 тұрғынға орталықтандырылған ауыз су қол жетімсіз күйде қалыптасқан.

2022 жылғы жағдай бойынша өңірімізде 1 557 919 адам орталықтандырылған газбен қамтамасыз етіліп, 73,5% құраған.

Бұл орайда Созақ ауданында орталықтандырылған газға мүлдем қамтамасыз етілмеген.

2022 жылдың қорытындысымен орталықтандырылған кәріз жүйесіне облыс бойынша барлығы 312 973 тұрғынға қол жетімді болып қалыптасқан. Бұл дегеніміз өңіріміздің жалпы халқының 14,8 ғана пайызын құрайды. Сонымен қатар **Бәйдібек, Келес, Қазығұрт, Ордабасы, Сауран** аудандарында кәріз жүйесі мүлдем қосылмаған.

Автомобиль жолдарының жәй-күйіне талдау

Түркістан облысында автомобиль жолдары мен елді мекен көшелерінің ұзындығы **17 503,9 шқ.** құрайды:

- республикалық маңызы бар жол 723,1 шқ. (жақсы және қанағатты жағдайдағы үлесі 93,4%);

- жергілікті маңызы бар жол 5 755,1 шқ. (жақсы және қанағатты жағдайдағы үлесі 92%);

- елді мекен көшелері 11 025,7 шқ. (жақсы және қанағатты жағдайдағы үлесі 66,3%).

2022 жылы автомобиль жолдары саласын дамытуға бюджеттен **49,8 млрд.теңге** (РБ – 26,3 млрд.тг, ОБ – 10,5 млрд. тг, «Ауыл – Ел бесігі» – 4,8 млрд. тг, аудан, қала бюджеті/субвенция – 8,2 млрд. тг) бөлініп, құрылыс-жөндеу жұмыстарымен жалпы 794 нысан немесе 2 094,9 шқ. жолдар мен

көшелер қамтылды. Жыл қорытындысымен 645 нысан немесе 1 247,5 шқ. жол мен көше пайдалануға берілген.

«Ауыл Ел-бесігі» арнайы жобасының облыстың әлеуметтік – экономикалық жағдайына әсерін бағалау

Облыс көлемінде даму әлеуеті бар 605 ауылдың тізімі анықталды, олардың ішінде: 132 - тіректі, 473 – спутникті. Бұл ауылдар ауыл халқының 85,1% - дан астамын қамтиды. Ауыл тұрмысының сапалы болуын қамтамасыз етпей, ауыл шаруашылығының өнімділігін арттыру мүмкін емес. Бұл ретте, облысымызда «Ауыл – Ел Бесігі» арнайы жобасын жүзеге асыру жалғастырылуда.

Түркістан облысы бойынша 2022 жылы «Ауыл – Ел бесігі» жобасы аясында 106 елді мекенде 250 жобаны іске асыруға бюджеттен жалпы 17,9 млрд. теңге бөлінді. Атап айтқанда:

9 ФАП және 1 дәрігерлік амбулатория құрылысына 1,1 млрд.теңге;

- 11 мектепке қосымша құрылысқа және 23 мектепті күрделі жөндеуге 5,4 млрд. теңге;

- 5 спорт нысанының құрылысына және 1 нысанды күрделі жөндеуге 1,8 млрд.теңге;

- 13 мәдениет нысанының құрылысына және 1 нысанды күрделі жөндеуге 2,2 млрд.теңге;

- 15 табиғи газбен қамтамасыз ету нысандарының құрылысына 2,6 млрд.теңге;

- 6 электр қуатымен жабдықтау нысанының құрылысына 386,8 млн.теңге;

- 165 ішкі көшелерді орташа жөндеуге 4,4 млрд.теңге (221,7 шқ).

2022 жылы жобалар қорытындысымен 17,8 млрд.теңге игерілді немесе жоспар 99,4 % орындалған.

Жыл қорытындысымен 164 нысан пайдалануға тапсырылса, 84 нысанның құрылыс-жөндеу жұмыстары 2023 жылға өтпелі. Нәтижесінде, 4 мектеп 700 оқушыға арналған қосымша оқу корпусымен 4 мектеп қосымша спорт зал құрылысы мен және 1 шеберханамен, 2 елді мекен 30 келушіге арналған 2 ФАП, 1 елді мекен сапалы электр қуатымен қамтылса 14 мектеп, 1 мәдениет және 1 спорт мектебі күрделі жөндеуден өткізілген және 137 ішкі көше орташа жөндеуден өткізілген. Жобаларды жүзеге асыру нәтижесінде 1 921 уақытша жұмыс орындары ашылған.

Талдау нәтижелері көрсеткендей әлеуметтік - экономикалық көрсеткіштердің бірқатар бағыттары бойынша жұмыстарды жандандыру қажет. Атап айтқанда:

БІРІНШІДЕН, қоғамдық қауіпсіздік - яғни қауіпсіз аймақ. Бүгінгі таңда облысымыздың орталығы Түркістан қаласы тек Қазақстанның ғана емес Түркі тілдес мемлекеттердің рухани астанасына айналып отыр. **Бұл дегеніміз өңіріміз - туризмнің басты фаворитіне айналуы тиіс.**

Қоғамда белең алған бұзақылық, тонау, көшелерде жасалған қылмыстар сонымен қатар ауыр қылмыстар (2022 жылы облыс бойынша 5929 бірлік қылмыс жасалса 37 адам қаза тапқан) облысымыздың рухани тұрғыдан

дамуына кедергі келтіріп қана қоймай туристердің келу ағынына тұсау болуы мүмкін.

ЕКІНШІДЕН, жұмыссыздық ахуалы - Түркістан облысында жұмыссыздық деңгейі 2021 жылғы 12 айдың қорытындысымен 5,1% деңгейінде қалыптасып, 2022 жылғы 12 айдың қорытындысы бойынша 5,3% құрап, қалыпты жағдайдан төмендеді. Бұл ретте, облыс аумағында 2022 жылдың 12 айдың қорытындысымен экономикалық тұрғыдан белсенді халық саны 819,7 мың адамды, жұмыссыздар саны – 43,4 мың адамды құраған.

ҮШІНШІДЕН, нарық бағасының қымбаттауы және кедейлік тереңдігі. 2022 жылы өткен жылмен салыстырғанда азық-түлік және тұрмыстық тұтыну заттарының баға өсімі жоғарылаған. Азық-түлік тауарлары бағасының өсуі өз кезегінде облысымызда кедейлік деңгейіне едәуір әсер еткен. Есепті жылдың қорытындысымен өңірдегі кедейліктің негізгі көрсеткіштерінің ішінде кедейлік тереңдігі 1,0%-ды құрап, кедейліктің өткірлігі 0,2% -ға жеткен.

ТӨРТІНШІДЕН, сапалы білім беру базасымен қамтамасыз ету. 2022 жылдың қорытындысы бойынша облысымызда 7 (жеті) бірлік апатты, 15 (он бес) бірлік үш ауысымды және 39 бірлік саманды және ыңғайластырылған мектептер қалыптасқан. Аталған мектептерде жалпы 26 133 оқушы білім алуда. Білім беру ошақтарының бұндай жәй-күйі, сапалы білім – сапалы адами капитал қағидасын бұзып отыр. Яғни облысымызда 21830 оқушы апатты және үш ауысымды мектеп ғимаратында білім алып жатса, 4303 оқушы жүз жылдық тарихы бар, негізі ХХ ғасырда қаланған «Саманды» типтегі білім ошақтарында оқуға мәжбүр.

Демек, білім беру ұйымдарының жәй-күйі мен материалдық -техникалық базасының ахуалы(жағдайы) білім беру саласының бюджеттік бағдарлама әкімшісі тарапынан талдау (зерделеу) жұмыстары жүргізілмеген. Сонымен қатар, бюджеттік жоспарлау барысында бірінші кезекте басым бағытарға тиісті деңгейде мән берілмегенін байқаймыз. Нәтижесінде 2022 жылдың қорытындысымен апатты мектептер саны едәуір артқанын аңғаруға болады.

Қорытындылай келе, облысымыздың әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан дамуында бірқатар басты проблемалық мәселелер бар. Жоғарыда көрсетілген кемшіліктердің орнын толықтырып, өңіріміздің рухани тұрғыдан дамыған, қауіпсіз аймаққа айналған, өмір сүру деңгейінің сапалы әрі қолайлы, халқының әл-ауқаты деңгейінің жоғары өңірге айналдыру басты назарда болуы тиіс.

III. Қорытынды бөлік

3.1 Мемлекеттік аудит жүргізу барысында қабылданған шаралар:

Аудиторлық іс-шара барысында шаралар қабылданбады.

3.2 Мемлекеттік аудиттің қорытындысы бойынша тұжырымдар:

Түркістан облысы әкімдігінің 2023 жылғы 30 қаңтардағы №14 қаулысымен бекітілген «Түркістан облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесі туралы ережесіне сәйкес Қазақстан Республикасының Түркістан облысы аумағында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес стратегиялық, экономикалық және бюджеттік салаларда басшылық жүргізетін мемлекеттік орган болып табылады.

«Түркістан облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы» мемлекеттік мекемесі қызметінің тиімділігіне жүргізілген мемлекеттік аудит аудиттелген аудит объектісінің өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына елеулі әсері барын көрсетті.

Мекеменің алға қойған мақсаттары Ережеде айқындалған облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының стратегиялық мақсаттары мен басымдықтарын, негізгі бағыттарын қалыптастыру, облыстың әлеуметтік-экономикалық даму басымдықтары негізінде бюджеттік саясатты жүзеге асыру, өңірлік даму саласында мемлекеттік саясатты жүзеге асыру ретінде іске асырылған.

Бюджет қаражаты мен инвестициялар есебінен іс-шараларды іске асыру тұтастай алғанда өңірдің әлеуметтік-экономикасына және облысты дамыту жоспарының нысаналы индикаторларының жоспарлы көрсеткіштеріне қол жеткізуге оң әсерін тигізген.

Бюджет кодексінің бюджетті жоспарлау бөлігіндегі талаптары өз дәрежесінде сақталған.

Яғни 2022 жылға арналған облыстық бюджет 2021 жылдың 10 желтоқсанында облыстық мәслихаттың №13/122-VII шешімімен бекітіліп, жыл барысында облыстық бюджет 5-рет нақтыланған (*облыстық мәслихаттың 29.03.2022 жылғы №14/166-VII, 06.05.2022 жылғы №15/172-VII, 14.09.2022 жылғы №17/204-VII, 18.11.2022 жылғы №18/224-VII, 13.12.2022 жылғы №19/231-VII шешімдерімен нақтыланған*) және 17-рет түзетулер енгізілген.

2022 жылғы облыстық бюджеттің кірістері бекітілген 1 030 188 797,0 мың теңгені құраған. Жыл барысында облыстық кірістер бөлігіне өзгерістер енгізіліп, жыл соңында нақтыланған жоспар 1 181 534 500,0 мың теңгені, ал түзетілген бюджет 1 226 485 968,0 мың теңгені құраған немесе бекітілген бюджетпен салыстырғанда жылдық жоспар нақтыланған бюджет бойынша 151 345 703,0 мың теңгеге және түзетілген бюджет бойынша 196 297 171,0 мың теңгеге ұлғайтылған.

2022 жылы облыстық бюджетті нақтылау және түзету барысында кірістерге елеулі өзгерістер енгізіліп, 196 297 171,0 мың теңгеге немесе 19,1%-ға ұлғайып, 1 226 485 968,0 мың теңгені құраған.

2022 жылы өзіндік кірістердің жылдық жоспары 34 962 484,0 мың теңгені немесе облыстық бюджеттің кіріс бөлігінің жалпы көлемінің 3,4%-ын ғана құраған, оның ішінде салық түсімдері 3,1% немесе 31 383 940,0 мың теңгені, салықтық емес түсімдер – 0,4% немесе 3 573 221,0 мың теңгені, негізгі капиталды сатудан түскен түсімдер 5 323,0 мың теңгені құраған.

2022 жылы трансферттердің түсімдері 995 226 313,0 мың теңгені немесе облыстық бюджеттің кіріс бөлігінің жалпы көлемінің 96,6%-ын құраған.

2022 жылғы облыстық бюджеттің шығыстары бекітілген бюджетте 1 095 942 390,0 мың теңгені құраған. Жыл барысында облыстық шығыстар бөлігіне өзгерістер енгізіліп, жыл соңында нақтыланған жоспар 1 256 481 611,0 мың теңгені құраған немесе бекітілген бюджетпен салыстырғанда жылдық жоспар 160 539 221,0 мың теңгеге ұлғайтылған.

Есепті кезеңде даму жоспарында 128 нысаналы индикатор жоспарланып, 2022 жылдың қорытындысы бойынша 74 (61,2%) нысаналы индикаторға қол жеткізілген (4 ішінара орындалған) 20 индикатор бойынша статистикалық есептілік мерзімі келмеген, 27 индикаторға қол жеткізілмеген, 7 индикатор бойынша 2022 жылға жоспарланбаған яғни келесі жылға өтпелі.

1-Бағыт «Өңір экономикасының өсуі»

Бағыт бойынша барлығы 40 индикатор, соның ішінде 15 орындалған, 11 орындалмаған, мерзімі келмегені 13 және жоспарлы мәні келісілмегені 1.

2-Бағыт «Өмір сүруге ыңғайлы және қауіпсіз аймақ»

Бағыт бойынша барлығы 37 индикатор, соның ішінде 22 орындалған, 11 орындалмаған, мерзімі келмегені 1 және жоспарлы мәні келісілмегені 3.

3 Бағыт «Өмірдің жаңа сапасын қамтамасыз ету»

Бағыт бойынша барлығы 51 индикатор, соның ішінде 37 орындалған, 5 орындалмаған, мерзімі келмегені 6 және жоспарлы мәні келісілмегені 3.

Сонымен қатар 2022 жылы жалпы сомасы 570,6 млрд.теңгеге 197 іс-шара іске асыру жоспарланған. Оның ішінде:

1-бағыт бойынша «Өңір экономикасының өсуі» - 65 іс-шара;

2-бағыт бойынша «Өмір сүруге ыңғайлы және қауіпсіз аймақ» – 79 іс шара;

3- бағыт бойынша «Өмірдің жаңа сапасын қамтамасыз ету» – 53 іс-шара жоспарланған.

Облыстың 2021-2025 жылдарға арналған даму жоспарын іске асыру туралы есебіне сәйкес 2022 жылдың қорытындысымен жоспарланған 197 іс-шараның 162 орындалған, 25 орындалмаған, оның ішінде 10 іс-шараның орындалуы өтпелі.

2022 жылы инвестициялық жобаларды іске асыруға жыл басында **121 819 860,0 мың теңге** қаралып, жыл соңында **213 386 063,0 мың теңгені** құраған немесе бюджет жыл басынан **1,8 есе** ұлғайған.

Жалпы 498 (оның 463-і әлеуметтік нысандар, 6-і кредиттік тұрғын үй, 29-і жобалау-сметалық құжаттамалар) инвестициялық жобалар іске асыруға жоспарланған.

Есепті жылы БИЖ бойынша қаржылар 33 310 406,0 мың теңгеге қысқартылған, оның ішінде бюджеттік бағдарлама әкімшілеріне тәуелді емес себептермен **17 948 925,0** мың теңге, ал субъективті себептермен **15 361 481,0** мың теңге қысқартылған.

Жалпы бюджеттік бағдарлама әкімшісі облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы бойынша аудитпен қамтылған 2022 жылы 1 бюджеттік бағдарлама бойынша 408 724,0 мың теңге жоспар қаралып, оның 408 723,5 мың теңгесі игерілген немесе 100% орындалған. Осы аудитпен қамтылған 1 бюджеттік бағдарлама бойынша тікелей нәтиже көрсеткіштеріне толығымен қол жеткізілген.

Бюджеттік бағдарламаны орындаудың тиімділігі бойынша іс жүзінде қол жеткізілген бюджеттік бағдарламаның тікелей нәтижесінің бюджеттік бағдарламалар бойынша игеру пайызымен ара қатынасы 2022 жылы 100 пайызды құраған.

Жалпы аудитпен 408 724,0 мың теңге (*республикалық бюджет қаражаты 963,0 мың теңге, ЖБ қаражаты есебінен 406 317,0 мың теңге, ҚР Ұлттық қорынан берілетін кепілдендірілген трансферт есебінен 1 444,0 мың теңге*) қамтылды, оның ішінде 2022 жыл кезеңі бойынша 408 724,0 мың теңге қамтылды.

Жалпы аудитпен қамтылған 1 бірлік аудит объектісінде қаржылық бұзушылықтар анықталмаған.

Рәсімдерді орындау тәртібінің бұзылуы бойынша бұзушылық фактілері орын алмаған.

3.3 Мемлекеттік аудиттің нәтижесі бойынша ұсынымдар мен тапсырмалар:

1. «Облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасында 2022 жылдың бюджетін жоспарлау және атқару кезінде бюджет заңнамасының сақталуына және Түркістан облысының 2021-2025 жылдарға арналған Даму жоспарының іске асырылуына мемлекеттік аудит жүргізу» аудиторлық іс-шарасы бойынша мемлекеттік аудиттің қорытынды материалдары Тексеру комиссиясының отырысында қаралсын.

2. Аудиторлық қорытындыдан үзінді Түркістан облысының әкімі мен мәслихат аппараттарына жолдансын.

3.4 Қосымша:

Мемлекеттік аудит нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтар мен кемшіліктердің жиынтық тізілімі.